# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2023 жылғы 12 қыркүйек дело №7119-23-00-2/9769 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Ж.К.Жетібаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Астана-Энергия» акционерлік қоғамы

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
Жеке кәсіпкер «Магнит 2» атауымен әрекет етуші Еркеғали Алмасұлы Жексенов,
Жеке кәсіпкер «ЖУСУПОВ КАЙРАТ БУЛАТОВИЧ».

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Астана-Энергия» акционерлік қоғамының жауапкерлер жеке кәсіпкер «Магнит 2» атауымен әрекет етуші Еркеғали Алмасұлы Жексеновқа, жеке кәсіпкер «ЖУСУПОВ КАЙРАТ БУЛАТОВИЧ» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Магнит 2» атауымен әрекет етуші Еркеғали Алмасұлы Жексенов мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЖУСУПОВ КАЙРАТ БУЛАТОВИЧ» мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Магнит 2» атауымен әрекет етуші Еркеғали Алмасұлы Жексеновтан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «ЖУСУПОВ КАЙРАТ БУЛАТОВИЧ»-тан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья Ж.К.Жетібаев

Документ подписан: Жетибаев Ж. К., 12.09.2023

Дата вступления в законную силу: 20.10.2023, судья Жетибаев Ж. К., 21.10.2023

7119-23-3-1/9714